

берудегі оқытушының оқыту іс-әрекетін күшейтетін және кеңейтетін құрал. Осылайша компьютер өз алдына оқытушыға, ешбір компьютер жүзеге асыра алмайтын, шығармашылық іс-әрекетті орындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Сысоев, П.В. Информатизация языкового образования: основные направления и перспективы [Текст] /П.В. Сысоев// Ин. языки в школе. – 2012. - №2.
2. Якиманская И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе. – М.: Сентябрь, 1996.
3. Алексеева, Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента/ Л. Н. Алексеева// Учитель. - 2004. - № 3.
4. Бычков, А. В. Инновационная культура/ А. В. Бычков// Профильная школа. - 2005. - № 6.
5. Артамонова Л.А., Архипова М.В., Ганюшкина Е.В., Делягина Л.К., Золотова М.В., Мартынова Т.В. Инновации в обучении английскому языку студентов неязыковых вузов // Инновации в образовании Вестник Нижегородского университета им. Н.И.Лобачевского. – 2012.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Белгібаева Г.Қ., п.ғ.к., доцент; Михалькова О.А., п.ғ.к., доцент;
Айтжанова Р.М., п.ғ.к., доцент; Бейсенбекова Г.Б., п.ғ.к., доцент
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Республикасы Қазақстан

Бұл мақалада бейнелеу өнерінің түрлері және оның халықтық педагогикамен сабақтастығы қарастырылып және де халықтық сәндік-қолданбалы өнердің тәлім-тәрбиелік мәні дәріптеледі.

Кілтті сөздер: сыршырай, кескіндеме-сурет, мүсін монументті өнер, сәндік-қолданбалы өнер

Адамның рухани дамуына тікелей әсер ететін, оның көркемдік туралы талғамын, өмір шындығына деген эстетикалық қатынасын қалыптастыратын өнер түрлерінің бірі-бейнелеу өнері. Өйткені ол-айналамыздағы қоршаған өмір шындығын, қоғам, адам өмірінде өтіп жататын оқиғалар мен құбылыстардың бар болмысын жазықтық бетінде немесе кеңістікте көркем бейнелер арқылы көрнекті кескіндеп, баланың көруі арқылы түйсіне, сезіне алатын өнер.

Бейнелеу өнерінің өзіне тән ерекшелігі мен мазмұндық мәні – суретші мен көрермен арасында қатынас орнататын «сенімдік» көркем бейнелі тілі. Кез-келген туындыдағы көркем бейнелер «үнсіз», «қимылсыз» болғанымен, көрерменнің ойы мен түйсіну сезіміне әсер етеді, шығарма мазмұнынан қажетті қорытынды жасауына ықпалын тигізеді [1]. Бейнелеу өнері тындыларының адам сезіміне, түйсігіне эмоциялық әсер ету дәрежесі оның жалпы танымдық, тәрбиелік мәнділігіне, шығармадағы ойдың мән-мазмұнының тереңдігіне, суретшінің бейнелеу мәнерлік құралдарын ұтымды, әсемдік заңдылықтарына сай, үйлесімді қолдана білуіне тікелей байланысты.

Бейнелеу өнерінің түрлеріне: *сыршырай, кескіндеме-сурет, мүсін монументті өнер, сәндік-қолданбалы өнер* жатады. Әрбір өнер түрінің өзіне тән мәнерлік және бейнелеу құралдары, жеке дара ерекшеліктері болғанымен «Бейнелеу өнері», - деген атауға біріктіретін ортақ белгі сол нақтылы бейнелеу арқылы қоршаған өмір шындығының көркемдік бейнесінің жасалуы.

Сыршырай - бейнелеу өнерінің ең көп тараған, неғұрлым бай әрі толысқан түрі. Сыршырай өнерінің басты бейнелеу құралы - бояулары мен олардың реңктерінің үйлесімділігі. Бояу түстерінің суретпен тығыз байланысын нәтижесінде сыршырай өнері қоршаған өмірдің бай болмысының мәнін айшықтап көрсете білуге мүмкіндік береді. Дегенмен, ол бояу түстері мен реңктерінің жарасымдылығы бейнеленетін мысалдардың пішіндеріне, пропорциялық үйлесімділігіне, жарық пен көлеңкенің зат формасын айқындауына да байланысты.

Картиналық жазықтықта, автор өз ойын көрерменге толық жеткізу үшін алған нысандарын шығарма мазмұнына орай композициялық үйлесімде орналастыра білуі, жазықтық бетінде перспектива заңдылықтарына сүйене отырып, көру тереңдігін дәлелді бейнелеу білуі-бейнелеу өнерінің көркемдік мәнерлі құралдары болып табылады.

Сыршырай өнерінің кез келген жанрының шығармалары, міне, осы айтылған мәнерлік құралдарды әр жанрдың өзіндік мазмұн ерекшеліктеріне қарай ұтымды пайдалануды талап етеді. Сыршырай өнерінің негізгі жанрлары мыналар: табиғат көріністерінің бейнесі; натюрморт (табиғи, тұрмыс заттарының белгілі - бір мазмұнға қарай үйлесімді жиынтығын бейнелеу); портрет (белгілі

ортадағы, не ортадан тыс жеке адам немесе топтасқан адамдар бейнесі); тақырыптық картина (тарихи, тұрмыс-салт, әскери-соғыс тақырыбына арналған); анамалистік (жан - жануарлар, құстарды бейнелеу) жанр;

Портрет жанры - ең көне өнер түрлерінің бірі. Портреттік бейнелер өзінің сипаты жағынан әртүрлі. Бір портреттер адамды мейлінше дәріптеу немесе оны барынша әсемдік пен сән-салтанатты көрсету үшін жасалады. Бұндай портреттер-салтанатты портреттер деп әскери колбасшылардың бейнелерін мысалға алуға болады.

Екінші бір портреттер адамның бет пішіні, сыртқы белгілері арқылы бейнеленушінің ішкі жан дүниесі, ой-арманы, қуанышты көңіл-күйі айшықты бейнеленеді. Бұндай портреттерді психологиялық портреттер деп атайды.

Кейде портреттің бейне белгілі-бір ортада табиғат аясында немесе бөлме ішіндегі заттар арасында жазылуы мүмкін. Мысалы, К. Шаяхметовтің «Балықшы Сәуле портреті», Г. Ысмайлованың «Суретшілер семьясының портреті», А. Ғалымбаеваның «Күлжанның портреті», т.б. Қазақстан суретшілерінің портреттік туындыларын айтуға болады [2].

Натюрморт - бейнелеу өнерінің дербес жанры ретінде алғаш рет 17 ғасырда Голландияда дамыды. Натюрморт өнері бейнеленген заттардың адам өміріндегі мәнінен, мінез-құлқынан, тұрмыс жағдайынан, қоғамдағы орнынан, негізгі кәсібінен, сонымен бірге, халықтың өткен тарихынан, өнері мен ұлттық әдет-ғұрпынан, дәстүрінен, эстетикалық мәдениетінен, т.б. зор мағлұмат береді. Мысалы, Айша Ғалымбаеваның «Дастархан», «Аяққап», «Сәукеле», «Үш ғасыр белгісі», т.б. натюрморттық туындыларында қазақ халқының ұлттық тұрмыс-салтының белгілері, әсемдікті жасаудағы халықтың көркем дәстүрлері айшықты бейнелермен, бояу реңктермен көрсетілген.

Бейнелеу мысалдарын белгілі-бір тақырыптың сюжетте үйлесімді кескіндеу арқылы өмір ағымындағы адамдардың өзара қатынасын, қоғамдағы елеулі оқиғаларды, құбылыстары немесе аңыздар мен мифологиялық мазмұндағы қиял-ғажайып көріністерді көркем бейнелеу тақырыптық жанрға жатады.

Өткен өмір құбылыстарын суреттеп баяндайтын тарихи картиналар, әскери оқиғаларын бейнелейтін батальдық картиналар, күнделікті өмірді, қызықтарын, халықтың шаруашылық, тұрмыс дәстүрлерінен бейнелі мағлұмат беретін тұрмыстық картиналар болып бөлінеді. Қазақ тұрмысын бейнелейтін Н. Хлудов «Насыбай ұсыну», Ә. Қастеевтің «Киіз үйдің ішкі көрінісі», Қ. Телжановтың «Ұлттық ойын көкпар» картиналарымен, т.б. қазақ суретшілерінің еңбектерінен туған халқымыздың өткен өмірі мен бүгінгі өмір тұрмысынан мағлұмат беретін туындыларды көруге болады [3].

Кескіндеме сурет-жазықтық бетінде сурет салу өнеріне негізделген, бейнелеу өнерінің кең тараған түрі. Ол мүсін өнеріне суретшінің шығармашылық іс-әрекетінің негізгі баспалдағы бастау алатын бейнелеу өнерінің бір түрі. Кескіндеме суреттің өзі де бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: литография, офорт, ксилография, линогравюра.

Сәндік-қолданбалы өнердің даму тарихы өте көне. Бұл өнер адамзаттың сонау ықылым заманнан, алғашқы даму кезеңінен бері тікелей еңбек үрдісінің аясында пайда болып, біртіндеп адамдардың әсемдік туралы алғашқы түсініктерінің мән-мазмұнын, дүниетанымдық талғамын көрсететін рухани белгі болып келеді.

Сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасау белгілі көркемдік ұстанымды сақтауды талап етеді. Өйткені, бұл өмірде жасалатын бұйымның пішін тұлғасы мен материалы оның қолданатын орнына, атқаратын қызметіне қарай таңдалады, ал ол бұйымды айшықты әшекейлеуге қажетті мәнерлік құралы мен әдіс-тәсілдері әр бұйымның қолданар орнына, пішін тұлғасына тікелей байланысты таңдап алынады. Мысалы, әйелдерге арналған әсем ұлттық киім тігу үшін кендір жіптен емес, жібек жіптерден мата тоқиды. Ал дайын асыл матаны кез-келген суреттермен әшекейлеп көмкермейді. Тек ұлттық нақыштағы әуелі ою-өрнек үлгілерімен әшекейлейді. Сол сияқты қазақ шебері алып жүруге ыңғайлы қымыз құятын торсықты темірден немесе қыштан жасап тері бетіне ою-өрнекті белгілі бір тәсіл бедермен салу арқылы көркемдейді. Егер торсық бетіне ою-өрнекті, сырмақ, аяққап бетіне ою салғандай, басқа материалдардан ойып алып жапсырар болса, тері торсықтың пішін тұлғасы каншалықты әсем болғанымен бар көркемдігін жоғалтар еді.

Сондай-ақ халықтық сәндік-қолданбалы өнердің тәлім-тәрбиелік мәні де зор. Біріншіден, бұл өнер балалардың материалдық дүниені түйсіну, қабылдау мәдениетін қалыптастырып, өзі жасап өндіретін заттар мен бұйымдардың көркемдік сапасын айқындауға мүмкіндік береді; екіншіден, өнердің көркемдік мәнерлі құралдарының әсемдікті жасаудағы маңызын түсіне білуге баулиды, әрі өнердің халық өміріндегі, қоғамдағы әлеуметтік мәнін пайымдай білу мүмкіндігіне ие етеді; үшіншіден, өмір шындығына деген белсенді қатынасқа, ұлттық көркем мұраға, өнер мен мәдени ескерткіштерге құрметпен қарап қорғауға тәрбиелейді.

Бастау көзі халықтық өнердің бай дәстүрінің мағыналы аңғарында жатқан бейнелеу өнері күрт көтеріліп, бұрын соңды болмаған жанрлар тез туып, жылдам қарқынмен дамыды. Қашанда өнердің қарыштауы үшін басты ықпал сырт әсер, еліктеу, қоғамдық құбылыс қажеттілігі, әлеуметтік фактор заңдылығы болса керек. Қазақ бейнелеу өнерінің алғашқы кезеңін өте күрделі мезгілді қарастырғанда, зерттеп бағалағанда, есте ұстар қағидалардың бірі - дәстүр сабақтастығы.

Еш уақытта ешбір елдің бейнелеу өнері томаға тұйық қалыпта ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген емес. Ғасырлар бойы қалыптасып ұлттық дәстүрде қалыптасқан өнер басқа жұрттардың озық, асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ. Негізінен халық өміріндегі жоталы тартыстар, белді оқиғалар бейнелеу өнері шығармаларында сан алуан жанрда бейнеленеді. Бір тақырыпта көптеген суретшілердің шығарма жазуы бейнелеу өрісін тарылтпайды, қайта мәселені жан-жақты, әр қырынан көтеру ұлттық өнер үшін бағалы олжа болмақ.

Қазіргі кездегі бейнелеу өнерінде әртүрлі шығармашылық ізденістер, барлаулар жүріп жатыр. Негізінен ұлттық фольклор үлгілерінен нәр алып, арқау етіп шындалған жанр - қазақ бейнелеу өнерінде жаңа образдар - жаңа дәуір адамдарының жаңа тұрпатты қаһармандарының сан тұлғаны келбеттерін бейнелеу ең негізгі кездесетін нысана.

Қазақтың дәстүрі ата-баба мұрасында дәл бүгінгі шағындағы сан алуан бояулар мен зипалы реңдер күдіретті туындылар іспеттес ой тұжырымына ие болып тұр. Ендеше, қазақтың эпикалық толғауларындағы кездесетін зипалы реңдер, осы реңдердің әуезділігі қаһармандардың келбеттері сырттан кірген кірме емес, өз топырағында бар, ежелден келе жатқан асыл қазына.

Халық қаһармандарының ұмыт бола бастаған есімдерін қайта жаңғыртып, қазіргі ұрпақпен табыстыру тұрғысында бабаларымыз Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Жәнібек, Абылай т.б. батырларымыздың қаһармандық бейнесін балаларға таныстыруға бағытталған келбет жанрында жаңаша ойланған ұлттық шығармалар жазылуы мүмкін.

Жалпы мәселе уақыт пен өмір талаптары тұрғысынан ата-баба мұрасын қамту, халқымыздың тарихи дәстүрінің тереңіне үңілу, бүгінгі бейнелеу өнеріндегі өсу, өркендеу тенденциясын көрсетеді. Олар: біріншіден, бейнелеу өнерін ұлттық тарихи тұрғыдан барлау бағыты; екіншіден, көне нұсқаларды, халық өнерінің туындыларын қайта жаңғыртып, жаңа ізденістерге жетелеу бағыты. Бейнелеу өнері шығармаларына арқау боларлық өмірлік материалдарды пайдалану, сюжетке сүйек боларлық оқиғаларды сұрыптап, таңдай білу кездейсоқ нәрсе емес, дүниетаным шеңберіне сабақтас процесс екендігі белгілі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу сабағында қазақ халқының өткен өмір жайындағы балалардың түсінігін кеңейту, Отанына, халқына деген сүйіспеншілігін, сезімін дамыту және қазіргі Қазақстан Республикасы болып егемендік алғанын, ел байлығын әңгімелеу, балалардың бейнелеу құралдарын жетілдіру мақсаты көзделеді [3]. Киіз үй, қоржын, сандық, бесік, сырмақ, торсық, түс киіз, жайлаудың, қыстаудың суреті керекті құрал ретінде пайдаланады. Сабақта көрсету, әңгімелеу, түсіндіру, такпақ, жұмбақтар, сұрақ-жауап сияқты әдіс-тәсілдер қолданылады. Сабақты тәрбиеші ең алдымен қазақтың бұрынғы өмірімен таныстырудан бастайды. Балаларға мал шаруашылығын түсіндіреді. Киіз үймен таныстырады. Ондағы құрал-жабдықтарды көрсетеді. Бейнелеу өнері сабағында балалар жапсыру, сурет салу, мүсіндеу деген сияқты түрлерін өтеді. Әрбір түрлеріне осы аталған әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мәселен: жапсыру сабағында балаларды киіз үй жабдықтарымен және киіз үйдің өзімен таныстыру керек болса «Киіз басу» деген тақырыпта балаларға киізді әшекейлеп, ою-өрнектермен безендіруге болады. Оюларды алдын-ала қиып алып киізге жапсыру және оған әртүрлі бояу қағаздарын қолдана отырып жиектерін әсемдетуге болады. Сол сияқты сурет сабағында кез-келген қазақтың бұйымдарын, оюларын, ұлттық киім үлгілерінің суреттерін салдыртуға болады. Ал мүсіндеуге балалар ермексас арқылы киіз үйді, ұлттық бас киімдерді, оюларды, төрт түлік малды және т.с.с мүсіндеттіруге әбден мүмкін.

Бүгінгі кезеңде ұлттық балабақшаларда өткізілетін бейнелеу өнері сабағында тәрбиешінің ертегі, аңыз, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, мысал, халық күйлері мен әндері және де басқа осындай халқымыздың дәстүрлі фольклорлық мұрасымен тығыз байланысты құра білуіне негізделеді. Бейнелеу өнері пәндерінен сабақ берудің мұндай әдіс-тәсілдері балаларға халық өнерінің ішкі және сыртқы жаратылысын, мазмұндық мәні мен құрылымдық формалық жетілу жолдарын айқындай түседі. Халық ауыз әдебиетінің көрнекті дәстүрі болған ертегі, аңыздар, жұмбақ, мысалдар балалар шағармашылықтарына дәнекер болудың озық үлгісі. Бұл бүгінгі күннен тақырып таппаған шарасыздық емес, халық дәстүрін, салтын, халықтың шығармашылық қуатын саналы түрде бала шығармашылығына қолдана білудің басты проблемасы.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру

көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [4].

Сонымен қорыта келгенде бейнелеу өнерінің бет алысы қазақтың ұлттық бейнелеу өнері тарихи дәстүр мен жаңашылдықтың дәл қиылысқан жеріне кеп тұмсық тіреп тұрған сияқты. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі балалардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық!

Әдебиеттер:

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: РБК, 1995.- 117 б.
2. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алматы: Өнер; т. 1,1986.- 256 с.
3. Балкенов Ж. Халық мұрасындағы ұлттық өрнек және рең. Ғылыми -әдістемелік монография, КарГУ, Қарағанды. 1996. - 136 б.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» - Алматы: Білім, 1997.- 96 б.

КОНЦЕПЦИИ СОВРЕМЕННОГО ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ СТУДЕНТОВ

Бобоев Х., д.и.н., профессор, проректор по международным связям
Технологический университет Таджикистана
Республика Таджикистан

В статье рассматриваются особенности и роль астрономического материала курса «Концепции современного естествознания» в формировании мировоззрения студентов. Определены наиболее интересные темы и показаны фрагменты процесса формирования научного мировоззрения студентов.

XXI век принес много нового в мышление человечеству, главное из которых является осознание роль и место образование в жизни человека. В связи с этим, в последние годы в системе подготовке специалистов высшего профессионального образования произошли коренные изменения, что обусловлены требованиями рынка труда к специалистам новой формации.

В зависимости от происходящих изменений в природе, обществе и окружающем мире появились новые научные направления и предметы (дисциплины).

К числу таких новшеств и относятся предмет Концепции современного естествознания. Следует отметить, что на изучение данного предмета в зависимости от специальностей, профиля подготовки и требования государственного стандарта выделяется от 32 часов(2 кредита при кредитной системе обучения) и до 48 часов в традиционной системе подготовки специалистов.

По содержанию, «Концепции современного естествознания» является продуктом междисциплинарного синтеза естественных наук, это значит, что этот курс появился вследствие крупных достижений в области естественных наук, влияющих на современное миропонимание.

Проблема формирования естественнонаучного мировоззрения в учебном процессе курса «Концепции современного естествознания» исследовалась Н.С. Пурышевой, А.А. Сенявиной, А.Н. Малининым, А.И. Тимошенко, К.Г. Эрдынеевой, Э.Д. Новожиловым, В.Ф. Ефименко, В.В. Мултановским, А.В. Усовой, Л.Я. Зориной, В.Г. Ивановым, Н.В. Шароновой, В.И.Загвязинским, Г.М. Голиным, Р.Н. Щербаковым и другими учеными.

Изучение данного курса содействует получению широкого базового высшего образования, способствует всестороннему развитию личности, а также формирует целостного мировоззрения студентов об окружающем мире. Учебный курс содержит весь арсенал идей концепций современного естествознания, что позволяет раскрыть и показать панораму наиболее известных методов и законов современной науки, а также демонстрирует специфику рационального метода познания явлений и процессов происходящих в природе [1].